



Бекітемін

«Павлодар дарыны»  
БУҚБДЛО МҚКК басшысы  
А.Б.Шаймұрат

**Жалпы білім беретін оқу орындары оқушыларының арасында  
Облыстық Мағжан оқуларының қалалық кезеңін өткізу  
ЕРЕЖЕСІ**

1. Осы ереже жалпы білім беретін оқу орындары оқушыларының арасында өткізілетін қалалық Мағжан оқуларын өткізу тәртібін айқындайды.

**2. Байқау мақсаты:**

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын, ҚР-ның «Тілдер туралы» Заңын жүзеге асыру аясында, жалынды ақын Мағжан Жұмабаев мұрасын жас ұрпаққа таныту, олардың азаматтық ұстанымының, ұлттық ой-санасының қалыптасуына ықпал ету.

**Міндеттері:**

- мектеп оқушыларының ақын өмірі мен шығармашылығын тануға деген қызығушылықтарын арттыру, ақынның рухани мұрасын, ақын өмірі жайлы мәліметтерді игеруді насихаттау;

- жаңа буынның интеллектуалдық пайым-парасатын арттыру;
- дарынды оқушыларға қолдау жасау.

**3. Байқауға қатысушылар:**

Қалалық Мағжан оқуларына оқыту тіліне қарамастан, мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың 5-11-сыныптарының оқушылары қатыса алады.

**4. Байқау шарттары:**

Мағжан оқулары үш бағыт бойынша өткізіледі:

«Өлең – менің Шолпаным, Айым, Күнім» - Мағжан шығармаларын жатқа оқу конкурсы. Қатысушы өзі жатқа білетін шығармалардың тізімін конкурс басталғанға дейін ұсынуы қажет.

«Толқынмен толқын сырласып...» - шығармашылық жұмыс. (Мағжан Жұмабаевтың шығармалары бойынша зерттеу жұмыстары) 1 қосымша

«Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған» - жас дарындар конкурсы. (өз шығармаларын орындау) Қосымша берілген тақырыпқа 4 жол өлең жолдарын жазу. (Қатысушы өз шығармаларының жинағын алдын ала тапсыруы тиіс).

5. Қалалық оқуларда бірінші орын алған оқушылар конкурстың облыстық кезеңіне қатысады.

6. Конкурстың әр бағыты бойынша алты жүлделі орын: 1 бірінші, 2 екінші, 3 үшінші орын белгіленеді.

7. Мағжан оқуларын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын Павлодар облысының білім басқармасы жүзеге асырады.

8. Мағжан оқуларының төрағадан, хатшыдан, алқа мүшелерінен тұратын қазылар алқасының құрамын облыстық ұйымдастыру комитеті бекітеді.

9. Білім беру басқармасы Мағжан оқуларының қорытындылары туралы есепті білім басқармасының сайтына орналастырады.

**Қалалық Мағжан оқуларының «Толқынмен толқын сырласып...» атты  
III номинациясына қойылатын талаптар**

**Мақсаты:** Мағжан рухымен сырласа отырып, шығармашыл жастар ақынның рухани мұрасының қазіргі заман жастары үшін маңыздылығын өздеріне жаңалық ретінде ашады.

**Зерттеу аспектілері:**

1. Поэзиялық туындыда танылатын жалпыадамзаттық және ұлттық рухани құндылықтар;
2. Бүгінгі күн проблемасымен үндестігі;
3. Ақынның тілдік шеберлігі;
4. Суреткерлік шеберлігі;
5. Ақын поэзиясындағы символдық бейнелер т.б.

**Зерттеуге ұсынылатын өлеңдер:**

«Жан сөзі»  
«Сүйемін»  
«Мен жастарға сенемін»  
«Шолпы»  
«Жел»  
«От»  
«Пайғамбар»  
«Бесік жыры»  
«Сағындым»  
«Толқын»  
«Жұлдызды – жүзік, Айды алқа ғып берейін»  
«Түркістан»

**Зерттеу жобасының құрылымы:**

- Зерттеудің а) тақырыбы
- ә) проблемасы
  - б) проблеманы шешудің болжамы
  - в) пәні мен нысанасы
  - г) мақсат, міндеттері
  - д) әдіс-тәсілдері
  - е) ақпарат көзіне талдау
  - ж) оны шешудің жолдары
  - з) алынған нәтижені талқылау, қорытындылау

**Зерттеу жобасына қойылатын талаптар:**

- Ғалымдардың тақырыпқа байланысты зерттеу еңбектерін «ұрлауға» болмайды, цитата түрінде қолдануға ғана болады;
- Талдаулар бүгінгі күнгі жастардың танымы тұрғысынан ерекшеленуі керек;
- Проблеманы шешуде автордың өзіндік көзқарасы танылуы керек;
- Автордың Мағжан шығармашылығының бүгінгі күн үшін маңызын аша білуі.
- Жұмыс 7 минуттан аспауы тиіс.